

Шектеу іс-шараларын алу және Егіндібұлақ ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 6 мамырдағы № 3 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Егіндібұлақ ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 9 қазандағы № 5 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 14 қазанда № 7536 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Мұғалжар аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2020 жылғы 25 қыркүйектегі № 02-13-4/189 ұсынысы негізінде, Мұғалжар ауданының Егіндібұлақ ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мұғалжар ауданы, Егіндібұлақ ауылдық округінің Бұлақты ауылы аумағында, мүйізді ірі қара малдарының арасында бруцеллез ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс-шараларының жүргізілуіне байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары алынсын.

2. Егіндібұлақ ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 6 мамырдағы № 3 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 7088 тіркелген, 2020 жылғы 12 мамырында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіне жарияланған) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

3. "Мұғалжар ауданының Егіндібұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Мұғалжар ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Егіндібұлақ ауылдық округінің әкімі

А. Андакулов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК